

1) Бюджеттік шот - бөлінген лимиттер шегінде республикалық және



жөніндегі комитетке және оның әкімшілеріне (облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы) депозиттік шоттар борышкерлерден, үшінші тұлғалардан түскен, тұтқынға алынған мүліктерін сатудан түскен және оларды қуынушыларға беру үшін атқару құжаттарына ақы төлеу мақсатында сот орындаушыларының ақшалай сомаларды қабылдау үшін ашылады.<\*>

Әділет аумақтық (облыстық, Астана және Алматы қалаларының) органдарына депозиттік шоттар мемлекеттік нотариустың атына борышкерден түсетін, оны несие берушіге беру үшін, пайдасына салым жасалған тұлғаның жазбаша келісімімен немесе сот шешімі бойынша оларды депозитке салған тұлғаға ақшаны қайтару үшін және сот шешімі бойынша белгіленген сақталу мерзімі өткеннен кейін талап етілмеген ақшаны республикалық бюджетке есепке алу үшін ашылады. < \* >

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Түзеу мекемелеріне және тергеу изоляторларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің Қатаң бақылаудағы республикалық психиатриялық ауруханаға депозиттік шот сотталғандардың, қылмыс жасағанға күмәнділер мен кінәлілердің, психиатриялық ауруханадағы пациенттердің жеке ақшасын есептеу үшін және олардың бұл қаражатты заң актілерінде көзделген мынадай шындығына :

азық-түлік өнімдерін, бірінші қажетті заттарды сатып алуға;  
жақын туыстарына және өзге де тұлғаларға ақша аударымын, жөнелтпелер, бандеролдар жіберуге;  
халықаралық телефонмен сөйлесуге ақы төлеуге;  
сауда жүйесі арқылы әдебиет, газеттер мен журналдарға жазылымды сатып алуға пайдалану үшін ашылады.

сотталғандарға, бас бостандығынан айыру жерлерінен босатылғандарға және психикалық ауруханадан шыққан пациенттерге қалған ақшаны қайтару.<\*>

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тәртіптік әскери бөлімдеріне депозиттік шоттар сотталғандардың ақшалай қаражатын есепке алу үшін, сондай-ақ бірінші қажеттілік заттары мен тамақ өнімдерін сатып алуға қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша осы қаражаттарды жарату және жазаларын өтеуден босатылған сотталғандарға ақшаның қалдығын қайтару үшін ашылады. < \* >

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қаржы орталығы" мемлекеттік мекемесіне депозиттік шот Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінен түсетін несиелік ресурстарды есептеу және оларды мемлекеттік білім беру несиесі бойынша жоғары білімді мамандарды дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға аудару үшін, сондай-ақ,

заемшылардың қаражатты қайтаруын есепке алу және бақылау үшін ашылады.<\*>

Ойлау қабілеті төмен балаларға арналған интернат-үйлерге, психио-неврологиялық интернаттарға қамқорлыққа алынған тұлғалардың дербес шотындағы ақшасын есептеу үшін осы қаражатты қамқорлыққа алынған тұлғалардың жеке мақсаттарына жұмсау құқығымен:<\*>

қосымша азық-түлік өнімдерін сатып алуға;<\*>

қосымша медициналық жәрдем көрсетуге;<\*>

қосымша дәрі-дәрмек құралдарын сатып алуға;<\*>

қосымша киім, аяқ киім және бірінші кезектегі қажетті заттарды, гигиена жабдықтарын сатып алуға;<\*>

қосымша ақ жайма және іш киім сатып алуға депозиттік шоттар ашылады.<\*>

Депозиттік шот "Депозиттер" N 144 баланстық шотында аумақтық Қазынашылық органында ашылады.<\*>

5) Уәкілеттіктердің ағымдағы шоты және төленбеген аударымдар бюджеттік қаражаттарды жұмсауға арналған лимиттерді алмайтын, лимиттерге дербес билік етуші болып табылмайтын және жалақыны, сыйлықақыны, материалдық көмекті, жұмысқа уақытша жарамсыздығы жөніндегі жәрдемақыларды, іс-сапар шығыстарын және темекі бұйымдарының орнына ақшалай өтемақыларды төлеу үшін оған тиісті лимиттерге билік етуші аударатын қаражаттарды есепке алу үшін лимиттерге билік етушінің тұрған жерінен тыс орналасқан мемлекеттік мекемеге ашылатын шот.

Уәкілеттіктердің ағымдағы шоты және төленбеген аударымдар Қазынашылықтың аумақтық органында "Уәкілеттіктердің ағымдағы шоты және төленбеген аударымдар" N 724 баланс шотында ашылады.

6) Мақсатты қаржыландырудың ағымдағы шоты - мақсатты қаржыландыруға түсетін қаражаттарды есепке алу үшін республикалық бюджеттен ұсталатын мемлекеттік мекемеге ашылатын шот.

Мақсатты қаржыландырудың ағымдағы шоты Қазынашылықтың аумақтық органында "Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің есебінен ұсталатын мекемелердің ағымдағы шоттары" 141 баланс шотында ашылады.

7) Алматы қаласы мен оның аудандары Әкімдерінің ағымдағы шоты - Алматы қаласының экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін қаражаттарды шоғырландыру мақсатында Алматы қаласы мен оның аудандарының Әкімдеріне ашылатын шот.

Алматы қаласы мен оның аудандары Әкімдерінің ағымдағы шоты Қазынашылықтың Алматы қалалық басқармасында "Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын мекемелердің

ағымдағы шоттары" N 142 баланс шотында ашылады және Алматы қаласы мен оның аудандары Әкімінің бюджеттен тыс қорының қаражатын жұмсау жөніндегі операцияларды есепке алуға арналған.

8) Қоса қаржыландырудың ағымдағы (арнаулы) шоттары облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармаларында мемлекеттік мекемелерге теңгелік баламамен, не Заемдар/гранттар туралы келісімдердің шарттарына сәйкес бюджеттен қоса қаржыландырылатын жобаларды және халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың және Қазақстан Республикасының дамуына ресми көмек шегінде донор елдердің заем қаражаттарын және гранттарын іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктерде ашылады.

Бірлесіп қаржыландырудың ағымдағы (арнайы) шоты мынадай:<\*>

"Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің есебінен ұсталатын мекемелердің ағымдағы шоттары" N 141;

"Қазақстан Республикасы жергілікті бюджеттерінің есебінен ұсталатын мекемелердің ағымдағы шоттары" N 142 баланстық шоттарда облыстық, Астана және Алматы қалалық Қазынашылық басқармаларында ашылады.

8-1) Сақтандыру өтемін есептеуге арналған ағымдағы шот - жол-көлік оқиғасы мүлктің зақымдануына немесе жойылуына әкеп соқтырған жағдайда сақтандырушы төлейтін түсімдерді және сақтандыруды өтеу шығындарын есептеу үшін мемлекеттік мекемеге ұлттық валютада ашатын шот.

Сақтандыру өтемін есептеуге арналған ағымдағы шот:

N 141 "Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің есебінен ұсталатын мекемелердің ағымдағы шоттары";

N 142 "Қазақстан Республикасы жергілікті бюджеттерінен ұсталатын мекемелердің ағымдағы шоттары" баланстық шоттарда Қазынашылықтың аумақтық органдарында ашылады.<\*>

9) Валюталық шот - қаражаттарды шетел валютасында есепке алу, сақтау және жұмсау үшін мемлекеттік мекемеге ашылатын шот.

Валюталық шот Қазынашылықтың аумақтық органында:

"Тұрлаулы валютадағы валюталық шот" N 070;

"Жұмсақ валютадағы валюталық шот" N 160 баланс шотында ашылады.

10) Қолма-қол ақшаның ағымдағы транзиттік шоты - Қазынашылықтың чектері бойынша мемлекеттік мекемелер алатын қолма-қол ақша бойынша есеп айырысу үшін Қазынашылықтың аумақтық органы ашатын шот.

Қолма-қол ақшаның ағымдағы шоты екінші деңгейдегі банктерде немесе банктік операциялардың тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар мекемелерде N 889 "Бірыңғай қазынашылық шот" баланстық шотында ашылады.

11) инвестициялық жобаның жаңғыртылып отыратын шоты (бұдан әрі - жаңғыртылып отыратын шот) - қатысушы қаржы мекемелеріне қосалқы несиелер беруге бұрын бөлінген қосалқы заемдардың қайтарылатын қаражатын шоғырландыру үшін, осы қаражаттан көрсетілген инвестициялық жобаның шеңберінде қатысушы қаржы мекемелерін кейіннен несиелендіру үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атына ашылатын банктік валюталық шот .

Жаңғыртылып отыратын шотты ашу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде жүргізіледі.

Жаңғыртылып отыратын шот заем туралы келісімде және ішкі несие келісімінде айтылған шетел валютасында жүргізіледі.

*Ескерту: 2-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылды, 8)тармақшасы толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығымен .*

*Ескерту: 2-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен .*

*Ескерту: 2-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377 бұйрығымен .*

3. "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шоты, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот, депозиттік шот, сақтандыру өтемін есептеуге арналған ағымдағы шот және валюталық шот оған бюджеттік шот ашылған Қазынашылықтың аумақтық органында мемлекеттік мекемеге ашылады.<\*>

4. Шоттар аумақтық белгілері бойынша ашылады. Басқа әкімшілік ауданға қызмет көрсететін Қазынашылықтың аумақтық органында шот ашуға облыстық, Астана және Алматы қалаларының Қазынашылық басқармасы басшысының жазбаша рұқсатымен жол беріледі.

5. Бюджеттік шотқа билік етуші мемлекеттік мекеменің басшысы болып табылады .

Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін қаражаттарға, демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін қаражаттарға, депозиттік сомаларға, сақтандыру өтемі қаражатына және валюталық қаражаттарды билік етуші бюджеттік қаражаттарды жұмсауға құқық берілген мемлекеттік мекеменің басшысы болып табылады.<\*>

Алматы қаласы мен оның аудандары Әкімдері ағымдағы шотына түсетін қаражаттарға билік етуші Алматы қаласы мен оның аудандарының Әкімдері болып табылады .

*Ескерту: 5-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығымен .*

6. Бюджеттің атқарылуына алдын ала бақылау жасаудың, Қазынашылықтың аумақтық органдарының шоттарындағы шығыстарды басқарудың қажетті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында.

Қазынашылықтың аумақтық органдары:

Қазынашылықтың аумақтық органдарында ашылған шоттар бойынша операциялардың құпиясын қамтамасыз етуге;  
операциялардың жасалу шамасы бойынша қаражаттардың қозғалысы туралы билік етушілерге уақытылы ақпарат беруге;  
мемлекеттік мекемелерге есеп айырысу-кассалық қызмет ету процесінде туындайтын мәселелер бойынша кеңес беруге міндетті.

Шоттарға билік етушілер:

Қазынашылықтың аумақтық органдарына шоттар ашуға қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;

есеп айырысу-кассалық құжаттарды ресімдеудің және шоттағы қаражаттардың мақсатты пайдаланылу тәртібін сақтауға міндетті.

Қазынашылықтың аумақтық органдарының:

шоттарға билік етушілерден есеп айырысу-кассалық құжаттарды ресімдеудің дұрыстығын талап етуге;

жүргізілген шығыстардың мақсатына және шығыстардың экономикалық жіктемесінің тиісті ерекшелігінің мазмұнына және лимиттің еркін қалдығының бар-жоғына сәйкестілігін тексеруге;

бюджеттік шоттан және басқа да шоттардан бөлінген лимиттердің мақсатты пайдаланылуын тексеруге құқығы бар.

Шоттарға билік етушілердің:

қолданылып жүрген заңдарға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес шоттарда тұрған қаражаттарға билік етуге;

Қазынашылықтың аумақтық органдарына шоттардағы қаражаттардың қозғалысы жөнінде қажетті ақпарат алуға;

қаражаттардың шоттардан уақытында есепке алынуы мен аударылуына бақылау жасауға құқығы бар.

## **2-тарау. Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың тәртібі**

7. Мемлекеттік мекеме шот ашу үшін Қазынашылықтың аумақтық органына мынадай құжаттар:

1) мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтері қол қойған шот ашуға арналған өтініш (N 1 қосымша). Егер штатта екінші қолды қоюға құқық берілген

бас бухгалтердің немесе бухгалтердің лауазымы болмаса, өтінішке басшы ғана қ о л қ о я д ы ;

2) қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжат тапсырады (N 2 қосымша).

Қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжат екі данада тапсырылады, оның біреуі Қазынашылықтың аумақтық органының операциялық бөлімінде болады, екіншісі шотты заңды ресімдеу жөніндегі іс-қағазда сақталады.

Бірінші қол қою құқығы атына шот ашылған мемлекеттік мекеменің басшысында және/немесе оларға уәкілетті басқа тұлғада болады. Екінші қол қою құқығы мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінде және/немесе мемлекеттік мекеменің басшысы уәкілеттік берген басқа тұлғаға беріледі. Осы өкілеттіктер мемлекеттік мекеменің басшысы бұйрығының негізінде беріледі. Егер мемлекеттік мекеменің штатында екінші қол қою құқығы берілетін тұлға болмаған жағдайда, қолдардың және мөртаңбасының үлгілері бар құжатқа бірінші қол қою құқығы бар тұлғаның ғана қолы енеді.<\*>

Екінші қол қою құқығы бар тұлға уақытша болмаған (еңбек демалысы немесе ауырған) жағдайда төлем құжаттарына, сол сияқты қолдарының және мөртаңбаның үлгілері бар құжатта көрсетілген екінші қол қоюға құқығы бар тұлғалар қол қояды. Бұл жағдайда қолдарының және мөртаңбаның үлгісі бар уақытша құжатты ресімдеу талап етіледі.<\*>

Қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжат республикалық (жергілікті) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бастығының немесе бастықтың орынбасарының мөртаңбамен бекітілген қолымен расталуы тиіс.<\*>

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атына ашылған шоттар бойынша қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжатты растау талап етілмейді.

Қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжатқа мемлекеттік мекемеге тағайындалған елтаңбалық мөрдің үлгісі кіреді. Арнайы мақсаттарға арналған мөрлерді пайдалануға жол беріледі. Қайта құрылған мемлекеттік мекеменің мөрі уақытша болмаған, атауы өзгерген, мөрі ескірген немесе жоғалған жағдайда, Қазынашылықтың аумақтық органының басшысы мемлекеттік мекемеге оның өтініші негізінде жаңа мөр дайындау үшін мерзім береді және жағдайларға байланысты сол елді мекенде тұрған құжаттарды жоғары тұрған мемлекеттік мекеменің мөртаңбасымен нықтауға не құжаттарды мөртаңбасыз беруге рұқсат ете отырып, мөр болмаған уақытқа арналған төлем құжаттарын ресімдеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ең болмағанда, бір қолды ауыстырған немесе толықтырған немесе мөрді ауыстырған жағдайда, Қазынашылықтың аумақтық органына осы тармақшаның үшінші азатжолында белгіленген тәртіппен расталған қолдар мен мөртаңбалардың үлгілерімен бірге жаңа құжат ұсынылады. Бірінші немесе

екінші қол қоюға құқығы бар тұлғалардың бірінің қолын уақытша ауыстырған кезде, оның қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, қолдардың тиісті үлгілерімен бірге уақытша құжат ресімделеді, қолдар мен мөртаңбалар үлгілерінің қайта ұсынылған құжаттары мемлекеттік мекеменің шотына заңды ресімдеу жөніндегі іс - қағазда түптеледі;

3) мемлекеттік мекемеге салық төлеушінің тіркеу нөмірін (СТТН) нөмірі беріле отырып, салық органына есепке алу және оны жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуші ретінде тіркеу қойылымының фактісін растайтын аумақтық салық органы берген, белгіленген нысанның құжаты;

4) мемлекеттік тіркелгені туралы куәлікті және оның Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен расталған көшірмесін.

Шотты ашу туралы куәліктің түпнұсқасы Қазынашылықтың аумақтық органының белгісімен бірге мемлекеттік мекемеге қайтарылады, ал тиянақты ресімделген көшірме шотты заңды ресімдеу жөніндегі іс-қағазға түптеледі;

5) ереженің (жарғының) нотариалды куәландырылған көшірмесін;<\*>

6) мемлекеттік мекемені құру немесе қайта ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уәкілеттік берілген органның шешімі (өкімі, қаулысы, бұйрығы).

*Ескерту: 7-тармақтың 2) тармақшасы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығымен.*

*Ескерту: 7-тармақтың 2) тармақшасы өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен.*

*Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377 бұйрығымен.*

8. Бұдан басқа, мемлекеттік мекеме осы нұсқаулықтың 7-тармағында санамаланған құжаттарға қосымша төмендегілерді ашу үшін мынадай құжаттар:

1) "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шотын (немесе ашылған шоттың қолданылу мерзімін ұзарту):

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы бекіткен мемлекеттік мекемелердің ақылы қызметтерді көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстардың жеке сметасы (3-қосымша).<\*>

2) демеушілік және қайырымдылық көмек үшін ұлттық, сол сияқты шетел валютасындағы ағымдағы шоттар (немесе ашық шоттардың қолданылу мерзімін ұзарту) :

бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшілерінің өтініші мен демеушілік және қайырымдылық көмекті енгізушілердің жазбаша өтініштері негізінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне берген рұқсаты (4-қосымша) ;

аумақтық Қазынашылық органының - республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемеге берген рұқсаты (4-қосымша);

жергілікті қаржы органының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мекемеге берген рұқсаты (4-қосымша);

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінішінде оған сәйкес мемлекеттік мекеме демеушілік және қайырымдылық көмек қаражатын пайдаланатын заңнамалық акт көрсетіледі; <\*>

Демеушілік және қайырымдылық көмек салушылардың жазбаша өтінішін алу мүмкін болмаған жағдайда, алушы мен демеушілік және қайырымдылық көмекті салушының арасындағы Шартты ұсынуға рұқсат етіледі.<\*>

3) депозиттік шоттан (немесе ашық шоттардың қолданылу мерзімін ұзарту):

ұлттық валютада :

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің - республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне берген рұқсаты (5-1-қосымша) ; < \* >

Қазынашылықтың аумақтық органының республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеге берген рұқсаты (5-1-қосымша).

жергілікті қаржы органының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мекемеге берген рұқсаты (5-қосымша); <\*>

шетел валютасында (қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мекемеге рұқсаты негізінде екінші деңгейдегі банктерде (5-қосымша); < \* >

шетел валютасында (қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз) екінші деңгейдегі банктерде :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі мен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге рұқсаты негізінде (5-қосымша);

облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің шешімі мен жергілікті қаржы органдарының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге рұқсаты негізінде (5-қосымша).<\*>

4 ) < \* >

5) Алматы қаласы мен оның аудандары Әкімдерінің ағымдағы шотын:

Алматы қаласының өкілетті органы бекіткен Алматы қаласының Әкімі жанындағы бюджеттен тыс қор туралы ереженің көшірмесі;

6) қоса қаржыландырудың ағымдағы (арнаулы) шотын:  
екінші деңгейдегі банк (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынысы бойынша) пен атына шот ашылғалы отырған мемлекеттік мекеме арасында  
ж а с а л а т ы н к е л і с і м ;

заем (грант) туралы келісімнің көшірмесі;  
республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мекемеге Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті;  
жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мекемеге тиісті қаржы басқармасы берген рұқсат (N 6 қосымша);

6-1) сақтандыру өтемін есептеуге арналған ағымдағы шоты:  
шот ашу туралы мемлекеттік мекеменің өтініші және сақтанушының жауапкершілігін белгілеген сот шешімі немесе сақтандырушының алдын-ала келісімімен үшінші тұлғаның алдында сақтанушының өзінің мойындауы және төлем туралы барлық қажетті құжаттарды (кінәлі тұлғаның, жәбірленушінің өтініштері, МАИ органдарынан алынған құжаттардың толық пакеті):

Қазынашылықтың аумақтық органының тиісті комитетінің республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге берген сақтандыру өтелімін есепке алу үшін ағымдағы шотты ашуға (қолданылу мерзімін ұзартуға) арналған  
р ұ қ с а т ы ( 7 - 1 - қ о с ы м ш а ) ;

жергілікті қаржы органдарының жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге берген сақтандыру өтелімін есепке алу үшін ағымдағы шотты ашуға (қолданылу мерзімін ұзартуға) арналған рұқсаты (7-1-қосымша)  
н е г і з і н д е . < \* >

7 ) в а л ю т а л ы қ ш о т т ы :  
республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мекемеге;  
республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті;<\*>  
республикалық бюджеттік бағдарламалардың бағынысты әкімшісіне мемлекеттік мекемелерге - Қазақстанның тиісті Қазынашылықтың аумақтық органы (8-тармақтың 2-тармақшасын қоспағанда);  
жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемеге Қазақстанның тиісті қаржы басқармасы (8-тармақтың 2-тармақшасын қоспағанда) берген рұқсат та п с ы р ы л а д ы ( N 7 қ о с ы м ш а ) .

Валюталық шот ашуға рұқсат мынадай жағдайларда:  
оның Ережесіне және Жарғысына сәйкес халықаралық қызмет бойынша оған жүктелген функцияларды орындау үшін мемлекеттік мекемеге;  
Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және республикалық бюджеттен және сыртқы көздерден қоса қаржыландырылатын мемлекетаралық

ұ й ы м ғ а ;

егер валюталық шоттарды ашу Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көзделген болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының дамуына ресми көмек көрсету шегінде бағдарламалық және жобалық заемдарды іске асыру жөнінде берген өкілдіктері бар мемлекеттік мекемеге ;

республикалық бюджеттен де және сыртқы көздерден де бір мезгілде қоса қаржыландырылатын мемлекеттік мекемеге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шешімдері бойынша беріледі.

*Ескерту: 8-тармақ өзгертілді және толықтырылды -  
ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24  
б ұ й р ы ғ ы м е н .*

*Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің  
2001 жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен .*

*Ескерту: 8-тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Қаржы  
министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377  
бұйрығымен .*

9. Уәкілеттіктердің ағымдағы шотын және төленбеген аударымдарды ашу үшін мемлекеттік мекеме Қазынашылықтың аумақтық органына мынадай құжаттарды :

жалақыларды, сыйлықақыларды, материалдық көмекті, жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақыларды, іс-сапар шығыстарын және темекі бұйымдарының орнына ақшалай өтемақыларды төлеуге арналған қаражаттарды аудару үшін мемлекеттік мекемеге немесе басшының атына лимиттерді бөлушінің өтініш - хатын ;

7-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес ресімделген шот ашуға арналған өтінішті ;

7-тармақтың 2-тармақшасында белгіленген тәртіппен ресімделген қолдар мен мөртаңбалардың үлгісі бар құжатты тапсырады.

9-1. Мақсатты қаржыландырудың ағымдағы шотын ашу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық органының мынадай құжаттарды

7-тармақтың 1-тармақшасына сәйкес ресімделген шот ашуға арналған өтініш;

7-тармақтың 2-тармақшасында белгіленген тәртіппен ресімделген қолдарының үлгілері мен мөртаңбалары бар құжат тапсырады.<\*>

*Ескерту: 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің  
2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығымен .*

10. Ерекше жағдайларда Қазынашылықтың облыстық, Астана және Алматы қалалары басқармаларының басшылары республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жазбаша өтініші бойынша мемлекеттік мекемеге

уақытша бюджеттік шот - қайта құрылған мемлекеттік мекемеге тиісті рұқсаттармен ашылған лимиттерді есепке алу үшін шот ашуға рұқсат етеді.

Уақытша бюджеттік шот алпыс күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге ашылды.

Уақытша бюджеттік шот ашу үшін Қазынашылықтың аумақтық органына шот ашуға арналған өтініш және қолдар мен мөртаңбалардың үлгілері бар құжат (егер болса) тапсырылады.

10-1. Қолма-қол ақшаның ағымдағы транзиттік шотын ашу үшін Қазынашылықтың аумақтық органы екінші деңгейдегі банкке немесе банктік операциялардың тиісті түріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымға осы Нұсқаулықтың 7-тармағының 2)-5)-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың тізімдемесін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті оның хатының негізінде Қазынашылықтың аумақтық органы берген қолма-қол ақшаның ағымдағы транзиттік шотын ашуға (әрекет ету мерзімін ұзартуға) рұқсатын береді (7-2-қосымша).<\*>

*Ескерту: 10-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377 бұйрығымен.*

10-2. Жаңғыртылып отыратын шотты ашу үшін мемлекеттік мекеме екінші деңгейдегі банкке осы Нұсқаулықтың 7-тармағының 2)-5)-тармақшаларында көрсетілген құжаттардың тізбесін және Заем туралы келісім және ішкі несие келісімдерінің негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті берген жаңғыртылып отыратын шотты ашуға (әрекет ету мерзімін ұзартуға) арналған рұқсат береді (7-3-қосымша).<\*>

*Ескерту: 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377 бұйрығымен.*

10-3. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне инвестициялық жобалардың арнайы шоттары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 20.03.2001 ж. N 149 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылатын мемлекеттік сыртқы заемдар мен гранттардың қаражаты есебінен қаржы инвестициялық жобалардың арнайы шоттары жөніндегі нұсқаулықтың негізінде ашылады.<\*>

*Ескерту: 10-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 377 бұйрығымен.*

11. Шоттарды ашу Қазынашылықтың аумақтық органы мен шоттың иесі арасындағы шотқа қызмет етуге арналған шартты жасасқан кезде жүргізіледі. Шотты ашу Қазынашылықтың аумақтық органы шоттың иесіне жеке сәйкестендіру кодын беру жолымен жүргізіледі.

12. Мемлекеттік мекемеге шот ашылғаннан кейін Қазынашылықтың аумақтық

органы үш күндік мерзімде тиісті салық органына шоттың ашылған күнін  
х а б а р л а у ы т и і с . < \* >

*Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің  
2001 жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен .*

12-1. Мемлекеттік мекеме қазынашылықтың бір аумақтық органында бірнеше  
шот ашқан жағдайда, қазынашылық мемлекеттік мекемеден шотты ашу үшін  
көзделген құжаттарды қайта көрсетуін талап етпеуге құқылы (қолдардың және  
мөртаңбаның үлгілері бар құжатты қоспағанда).<\*>

*Ескерту: 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2001  
жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен .*

13. Қазынашылықтың аумақтық органында шот ашу үшін мемлекеттік мекеме  
тапсырған құжаттар аталған мекеменің шотын заңды ресімдеу жөнінде арнайы  
ашылған іс-қағазда түптелуі және сақталуы тиіс.

14. Есеп айырысу-төлем құжаттарында атқаруға қабылданған қазынашының  
автоматтандырылған жұмыс орнының жауапты атқарушылары қолдарының  
растығын тексеру үшін олардың қолдарының және атаулы мөртабандарының  
таңбалары бар тізілім жасалады (N 8 қосымша).

### **3-тарау. Мемлекеттік мекемелердің шоттарын жабу**

15. Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын  
мемлекеттік мекемелердің шоттарды заңды тұлғалардың мемлекеттік регистріне  
тиісті жазба енгізілгеннен кейін заңды тұлғаны таратқан немесе қайта  
ұйымдастырған кезде жабылады.

Шотты жабу үшін негіздеме мемлекеттік мекеменің шотын заңды ресімдеу  
жөніндегі іс-қағазда түптеледі.

Жоспарланып отырған жылдың 1 қаңтарына дейін белгіленген тәртіппен  
бағдарламалар әкімшісі бекітуге тапсырған ақылы қызмет көрсетуді сатудан  
алынған қаражаттар бойынша кірістер және шығыстар сметалары бекітілмеген  
жағдайда, оған смета бекітілгенге дейін, жоспарланып отырған жылдың  
қаңтарынан 1 ақпанына дейін созылатын кезең ішінде шығыстарды тек 31  
желтоқсандағы қаражат қалдығының және өткен жылғы шығыстары сметасының  
шегінде шығыстарды жүргізуге рұқсат етіледі.

Егер смета жоспарланып отырған жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілмесе, онда  
жоспарланып отырған жылдың 1 қаңтарынан 1 сәуірін қоса алғанда түскен  
қаражаттар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпке  
сәйкес тиісті бюджеттің кіріс бөлігіне есепке алынады.<\*>

*Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің  
2001 жылғы 7 ақпандағы N 57 бұйрығымен .*

16. Шотты жабу үшін, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген  
жағдайда, шот иесі Қазынашылықтың аумақтық органына жабылған күнгі

шоттағы қаражат қалдығының растамасымен өтініш тапсырады, сондай-ақ пайдаланылмай қалған чектері бар чек кітапшасын қайтарады. Мемлекеттік мекеменің таратылуы немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты бюджеттік шот жабылған кезде, шоттың жабылған күні тиісті бюджеттен алынған міндеттемелерді ескере отырып, бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосі ("Алынған міндеттемелерді ескере отырып бюджеттік жіктеменің ерекшеліктері бойынша бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосі" 032-А немесе "Алынған міндеттемелерді ескере отырып бөлінген лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосі" 132-А нысаны) қоса беріледі. Осы шоттар бойынша кассалық шығыстар, егер олар құқықтық мұрагерге көшірілмесе, қорытынды айналымдармен жыл аяғында ж а б ы л а д ы . < \* >

*Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 24 бұйрығымен .*

17. Мемлекеттік мекеме мыналарда жабылатын пайдаланылмаған ақша қ а л д ы қ т а р ы н :

"Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шотында, егер құқықтық мұрагерде ақылы қызмет көрсетулердің түрлері болған жағдайда, оның шотына, болмаса, тиісті бюджеттердің кіріс бөлігіне аударарды;

демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шотта құқықтық мұрагердің шотына аударарды;

депозиттік шотта депозиттік соманы салушыларға қайтарады, не тиісті бюджеттің кірісіне аударарды;

